

## 2015 жылға Атбасар ауданында халықтың нысаналы топтарға жататын адамдардың бұған қосымша тізбесін белгілеу туралы

Ақмола облысы Атбасар ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 2 желтоқсандағы № а-12/549 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 25 желтоқсанда № 4529 болып тіркелді

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңдарына сәйкес, нысаналы топтар құрамына кіретін және әлеуметтік қорғауда неғұрлым мұқтаж тұлғалардың жұмыспен қамтылуына көмек көрсету мақсатында, Атбасар ауданының әкімдігі

**ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

1. Халықтың нысаналы топтарға жататын адамдардың бұған қосымша тізбесі белгіленсін:

- 1) жиырма бір жастан жиырма тоғыз жасқа дейінгі жасты қоса алғанда;
- 2) көп уақыт жұмыс істемейтін тұлғалар (бір жылдан артық);
- 3) отбасында бірде бір жұмыс істейтін адамдарды жоқ тұлғалар;
- 4) бұрын жұмыс істемеген тұлғалар;
- 5) елу жастан зейнеткерлік жасқа дейін жеткен тұлғалар (жасына байланысты зейнеткерлікке шығуға екі жыл қалған);
- 6) техникалық және кәсіптік білім беру оқу орындарының түлектері.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Атбасар ауданы әкімінің орынбасары Ш.Е.Бекмағамбетоваға жүктелсін.

3. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Атбасар аудан әкімі*

*А.Никишов*